



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 18 қазандағы № 344-IV Заны

2009 жылғы 10 қарашада Душанбеде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы
Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы
келісім**

(2011 жылғы 25 қазанда құшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2011 ж., N 2, 20-күжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Таратар),

қазіргі өзара достық қатынас пен әскери саладағы ынтымақтастықты қүшейтүге
ниет білдіре отырып,

1999 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

1999 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тәжікстан Республикасы Қарулы Күштерінің қалыптасуына көмек көрсету мақсатында Қазақстан тарабы Тәжікстан тарабына өтеусіз әскери көмек көрсетеді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар мынадай уәкілетті органдарды тағайындаиды:

Қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

Тәжікстан тарабынан - Тәжікстан Республикасы Қорғаныс министрлігі.

Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін дереу хабардар етеді.

3-бап

Өтеусіз әскери көмек материалдық көмек түрінде ұсынылады. Берілетін мүліктің тізбесі мен саны осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада айқындалған.

4-бап

Қазақстан тарабы мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан Тәжікстан Республикасының аумағына (Душанбе қаласы) дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің авиакөлігімен жеткізуді қамтамасыз етеді, онда Тараптар тағайындаған өкілдер оларды тиісінше қабылдау мен беруді жүргізеді. Бұл ретте Душанбе қаласына дейінгі көліктік шығыстарды Қазақстан тарабы төлейді. Тәжікстан тарабы Тәжікстан Республикасындағы кедендейтік ресімдерді ресімдеу үшін шығыстарды өзі көтереді және жауапты болады. Берілетін мүлікті Қазақстан Республикасында кедендейтік ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Тәжікстан тарабы Қазақстан тарабының алдын ала жазбаша келісімін алмай, Қазақстан тарабынан алған мүлікті немесе оларды пайдалануға арналған құқықты үшінші тарапқа бермейді.

6-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

7-бап

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар

арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тәжікстан Республикасының Үкіметіне осы Келісімге сәйкес берілетін материалдық көмек толық берілген сәттен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

2009 жылғы «10» қарашада Душанбе қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Корғаныс министрі

Корғаныс министрі генерал-полковник

Жақсыбеков

Хайруллоев

Әділбек Рыскелдіұлы

Шерали Хайруллоевич

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

мен

Тәжікстан

Республикасының

Үкіметі

арасындағы

Өтеусіз

әскери

көмек

көрсету

туралы

келісімге

қосымша

Берілетін әскери муліктің тізбесі

п.с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	ИМП жартылай өткізгіш индукциялық мина іздегіш	дана	40
2.	СМП мина жарушы сөмкесі	жиынтық	100
3.	РДВ-1500 суға арналған резервуар	жиынтық	40
4.	РДВ-100 суға арналған резервуар	жиынтық	50
5.	МПЛ-50 шағын жаяу әскер қүрегі	дана	100
6.	БСЛ-110 үлкен саперлік қүрегі	дана	100
7.	П-2М фонарь	дана	100
8.	ЛМ-48 желілік көпір	дана	30
9.	ПМГ (ЕО-18) газтұтқыш	дана	1000
10.	ИП-4 газтұтқыш	дана	500
11.	ОП-1 (Т-15) корғаныш плащ	дана	1000
12.	(Т-15) корғаныш шұлық	жұп	1000
13.	БЛ-Ім қорғаныш қолғап	жұп	1000
14.	Шұлық пен қолғапқа арналған қап	дана	1000
15.	ДП-5 а (б) дозиметрлік аспап	дана	100
16.	ДП-64 дозиметрлік аспап	дана	100
17.	ДП-22В дозиметрлік аспап	дана	50
18.	ВПХР химиялық барлау аспабы	дана	100
19.	КЗО-1 қоршау белгілерінің жиынтығы	жиынтық	100

20.	ИДП-С газсыздандыру пакеті	корап	1000
21.	МК-10 тасымалданатын асхана	бірлік	10
22.	КП-20 тасымалданатын асхана	бірлік	30
23.	КО-75 тасымалданатын асхана	бірлік	40
24.	КП-130 тіркеме асхана	бірлік	10
25.	Санитарлық зембіл	дана	1000
26.	Офицерлік қылыш	дана	50
27.	Болат дұлыға	дана	2000
28.	Шағын металл ыдыс	дана	2000
29.	Қабы бар металл құты	дана	2000
30.	Әскери-арнайы әдебиет	дана	180

2009 жылғы 10 қарашада Душанбе қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін күэландырамын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық-құқық департаментінің*

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні тәжік тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК